

**Иманқұлова Меруерт Амантайқызының «6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)» атты диссертациялық жұмысына**

## **ПКІР**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

«Ұлы Дала Елі» идеясын іс жүзіне асыру барысында қазақ тілінің танымдық табиғатын көрнекті тілші-ғалымдардың еңбектерімен сабактастықта зерделеу әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарды тіл арқылы танып-білуге иті ықпал етеді.

Ізденуші М.А. Иманқұлованың диссертациялық жұмысы қазақ тіл ғылымының аса көрнекті өкілдері, ғұлама ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов мұраларын зерттеп, тануға ықпал ете келіп, лингвистиканың қазіргі даму бағытын анықтауға, қазақ тіл біліміндегі сабактастықты тануға бағытталған еңбек болып табылады. Қазақ тіл білімінің ұлы тұлғалары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріне негізделген тіл біліміндегі таным теориясының қалыптасуы мен дамуын бүгінгі уақыт талабы биігінен саралап, оны оқытуудың әдістемелік негізін қалыптастырудың қажеттілігі – тақырыптың өзектілігін көрсетеді.

Интеллектуалдық-танымдық құзыреттілігі қалыптасқан кәсіби мамандарлауға мүмкіндік беретін таным теориясын игертуге негізделген жаңашыл технологиялар мен кешенді жұмыс түрлері, интербелсенді әдістер жұмыстың құндылығын құрайды.

Зерттеу тақырыбының жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламалармен байланысы Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы мен Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген «білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру», «адами капиталды дамыту» міндеттерін басшылыққа алудың сипатталады.

**2. Диссертацияға қойылатын (ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 9-10 тармағында және ғылыми қызметкерлердің тиісті мамандықтарының төлкүжаттарында) талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.**

Диссертация теориялық және тәжірибелік құндылығы бар, өз бетінше дербес орындалған ғылыми еңбек болып табылады. Докторант жүргізген зерттеулері бойынша қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздерін ғылыми түрде жүйелей отырып, салмақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Бұл нәтижелер диссертацияға қойылатын талап деңгейлерін толық қанағаттандырады.

Диссертациялық жұмыста әлемнің тілдік бейнесі және термин жасаудағы таным үлгілері арқылы таным теориясының негізін құрайтын А.Байтұрсынұлы еңбектерінің, тіл мен таным бірлігін айқындаған, тіл мен мәдениет тұтастығын көрсетіп, тіл арқылы халықтың мәдениетінен хабар алуға болатынын дәлелдейтін Қ.Жұбанов зерттеулерінің, тіл мен қоғам сабактастығын қарастырып, тіл сананы бейнелей алады деп тұжырымдайтын С.Аманжолов еңбектерінің маңызы бүгінгі уақыт талабы тұрғысынан жаңаша саралана келіп, тілдегі таным теориясының ғылыми негізін дамытудағы маңызы дәлелденген. Ғалымдар еңбектерінің негізінде қазақ тіл білімінде таным теориясын оқытудың біртұтас әдістемелік жүйесі ұсынылған. Бұл – диссертант М.А. Иманқұлованың өз тарапынан ғылымға қосқан жеке үлесі болып саналады.

### **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.**

Ізденушінің қол жеткізген зерттеу нәтижелерінің ғылыми негіздемесі сапалы, таным теориясындағы, педагогикадағы соңғы жетістіктерді біліктілікпен пайдалана білген, әлемдік тәжірибеден өткен зерттеу әдістерін жетік менгерген. Диссертация сауатты дайындалған, диссертанттың баяндау тәсілі жүйелі де түсінікті ғылыми тілде жазылған.

Диссертациялық жұмыста А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов еңбектеріндегі әлемнің тілдік бейнесі сипатындағы көзқарастары тіл мен мәдениет тұтастығы тұрғысынан, тіл арқылы мәдениетті тану, таныту түрінде жаңа қырынан зерделенген, термин жасаудағы танымға қатысты түйінді пікірлеріне талдау жасалып, терминдерді таным теориясы тұрғысынан қарастырудың ұстанымдары айқындалған.

Ғалымдардың тіл болмысын адам психологиясымен сабактастықта қарастырған ғылыми тұжырымдары сараланып, адамның танымдық әрекеттерінің, психологиясының тілмен тұтастығы айқындалған. Тіл болмысын дүниетану құралы ретінде түсіндірген ғалымдардың тіл мен таным сабактастығын философиялық пайымдаулары арқылы ұсынған еңбектерінің маңыздылығы сараланған.

Қазақ тіл білімінде таным теориясын оқытуда қолданылатын әдістемелік жүйе сараланып, ғалымдар еңбектеріндегі жаңашыл технологиялардың бастау негіздері айқындалған. Қазақ тіл білімінде таным теориясын оқытуда кешенді жұмыс тұрларін қолданудың тиімділігі «Тілдік танымның бастау көздері» атты қосымша пән жүргізуде нақты эксперимент нәтижелері арқылы дәлелденген.

Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған тұжырымдары мен қорытындыларының ғылыми-әдістемелік негізделуі айқын, шынайылық дәрежесі жоғары. Зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар мен қорытындылардың шынайылық дәрежесі әдіснамалық және теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, таным теориясын оқытудың ғылыми-теориялық және

әдістемелік негіздерінің саралануымен, зерттеуде қолданылған әдістемелік негіздердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелділігімен сипатталады.

#### **4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі.**

Зерттеу жұмысында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиже мен қорытындысының жаңалық дәрежесі төмендегідей:

– Бірінші нәтиже – жаңа: диссертациялық жұмыста таным мәселесі философия, психология, тіл білімі аясында зерделеніп, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми-методологиялық, әдістемелік негіздері тұтастай жинақталып, теориялық тұрғыдан талданып, жіктелген;

– екінші нәтиже де жаңа: А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулерінің негізінде таным мәселесінің лингвистикалық, педагогикалық негіздері жеке-жеке саралана келіп, біртұтас жүйе ретінде ұсынылған;

– үшінші нәтижесі – жаңа: зерттеуде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектері негізінде таным теориясы ғылыми-педагогикалық аспектіде түсіндірілген, тіл мен таным мәселесі оқыту үдерісіндегі жаңа ұстанымдармен сабактастырылып, ішкі мазмұндық бірлікте берілген;

– төртінші нәтиже де жаңа: ғалымдардың таным теориясына қатысты пікір-көзқарастары, тұжырымдары психо-физиологиялық, логика-философиялық, тілдік-мәдени тұрғыдан жүйеленіп, бүгінгі ғылым талабы мен бағыт-бағдары тұрғысынан талданып, дарапай сараланған, теориялық тұрғыдан тиянақталған;

– бесінші нәтижені толық жаңа деп санауға негіз бар. Жұмыста А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың танымдық көзқарастарын білім беру жүйесіне енгізу арқылы тілдік бірліктердің семантикалық өрісі, коммуникативтік ерекшеліктері, стилистикалық қызметі жаңа парадигма тұрғысынан сараланған;

– алтыншы нәтиже - толық жаңа. Жоғары оку орнында таным теориясын А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде оқытудың бағдарламасы түзіліп, модульдік технология бойынша жасалған «Тілдік танымның бастау көздері» атты қосымша пәнді оқытуда таным мәселесін интербелсенді әдіс арқылы менгерту жақсы нәтиже беретіндігі эксперимент арқылы дәлелденген.

#### **5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Зерттеудің тақырыбы, соған сәйкес құрылымы, мазмұнындағы талдау, зерттеу, салыстыру, салғастыру барысы нәтижелері және жалпы қорытындысы логикалық тұтастығымен, жүйелі сабактастықпен сипатталады.

Диссертациялық жұмыс ішкі бірлік пен логикалық байланысты сақтай отырып, екі тараудан, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттерден және қосымшалардан құрылған. Әр тараудың мақсат-міндеттері, мазмұндық құрылымы бір жүйеге бағынған. Өзара сабактастықпен тұтастықты сақтауға бағытталған ішкі жүйелілік тығыз бірлікте, кешенді түрде үйімдасқан.

Зерттеу жұмысында көлтірілген қорытынды мен тұжырымдар өзара байланыста, бір мақсатқа жұмылдыра отырып дәйектелген. Мәселені жаңа деңгейге көтеру ұстанымдары, қол жеткізуге боларлық нәтижелерді айқындауы, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтардың таным теориясына қатысты тың байламдарын саралай талдауы мен оны оқытудың әдіснамалық негіздері мен әдістемелік жүйесі жөніндегі пікірлерінің ой желісі жүйелі біртұтастықта берілген, ішкі бірлігі үйлесімді сабактастықта көрінеді.

#### **6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы.**

Диссертациядағы көтерілген мәселелер нақты деректерге сүйеніп, жүйелей талданғандықтан да ізденуші өзінің болжамын соңғы мақсатты нәтиже дәрежесіне дейін көтере алған. Диссертацияның қолданбалық міндеті нақты көрсетілген. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың лингвистикалық мұралары негізінде жасалған зерттеудің нәтижелері таным мәселесінің ғылыми-теориялық тұжырымдарын дәйектеуге, терминдік өрісін жүйелеп, дамытуға ықпал ететін анық.

Зерттеуде жасалған әдіснамалық қағидалар мен теориялық түйіндер, ұсынылған әдістемелік жүйе тіл арқылы адам факторын сипаттайтын тіл біліміндегі таным теориясының ұстанымдары мен тұжырымдарын теориялық тұрғыдан менгеруге, оны оқыту мәселесінің ғылыми-теориялық негіздерін, қағидаттарын нақтылай тұсуге өз деңгейінде үлес қосады. Атап айтқанда, ұлттық рухани құндылықтарды тіл арқылы танып-білуғе игі ықпал ететін зерттеулер қатарын жаңа бір сапалы енбекпен толықтыруға негіз бола алады.

Сондай-ақ, филолог мамандар оқытын қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы, қазақ тілін оқыту әдістемесі, когнитивтік лингвистика, психолингвистика, лингвомәдениеттанның, әлеуметтік лингвистика курстарының оку мазмұнын терендептіп, білім алушының өзін тануға, өзгені тануға және өзіндік ұлттық ерекшеліктерін, мәдениетін, ділдік қасиетін танытуға бағытталған материалдармен толықтырады.

Бұл айтылғандар зерттеу жұмысының теориялық және қолданбалы міндеттерді шешуге бағытталғандығын көрсетеді.

#### **7. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертацияның негізгі мазмұны, ондағы негізгі тұжырымдары Scopus базасына енетін нөлден жоғары импакт-факторлы шетелдік ғылыми басылымдарда (2 мақала), КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау

комитеті бекіткен тізімдегі респубикалық басылымдарда және 2014-2016 жылдар аралығында Қазақстан, Түркия, Австрия, Англияда өткен халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жинақтарында жарық көрген.

Сонымен қатар, модульдік технология бойынша «Тілдік танымның бастау көздері» атты қосымша пәннің оқу бағдарламасы жасалған. Диссертация бойынша 15 жарияланым бар.

### **8. Диссертация мазмұнындағы және ресімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертация мазмұны мен ресімделуі талапқа сай жазылған. Зерттеу жұмысының ғылыми тілі түсінікті, талдауы жан-жақты. Дегенмен, төмөндегідей сын-ескертпе, ұсыныстарға мән беру қажеттігін ескертеміз:

1. Диссертациялық жұмыстың 2.5. «Таным теориясын оқыту барысында жүргізілген эксперимент» тараушасының қалыптастыруыш экспериментінде интербелсенді дәрістерді меңгертуге арналған тапсырмалар жүйесін ұсынған кезде студенттер жауаптарынан нақты үзінділер берілсе, жұмыстың тәжірибелік маңызы арта түсер еді.

2. Жұмыстың қорытынды эксперимент бөлігінде курс бойынша берілген тапсырмаларды орындау нәтижесінде қалыптасқан студенттердің интеллектуалды-танымдық құзыреттіліктерінің қорытындысы пайыздық көрсеткішпен кесте, диаграммалар түрінде ұсынылған. Бұған қоса құзыреттіліктердің қалыптасу денгейін бағалау әдістемесін, пайыздық көрсеткіштердің алыну жолдарын нақтыладап көрсетсе жөн болар еді.

### **9. Диссертацияның ғылыми дәрежелер беру ережелерінің 2-бөлімінің талаптарына сәйкестігі.**

Иманқұлова Меруерт Амантайқызының 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік негіздері (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)» атты диссертациялық жұмысын дербестігі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар, орындалуы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындығы Бақылау комитеті белгілеген талаптарына толығымен сай келетін жұмыс және ізденуші М.А. Иманқұлова 6D011700-Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

**Ресми оппонент:**

**Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университетінің қазақ тіл білімі  
кафедрасының профессоры,  
педагогика ғылымдарының докторы**



**Ш.Қ. Құрманбаева**

